Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенттер газеті



# Білім жарысы

1998 жылғы 22 наурыздан шыға бастады

Қаңтар 2017, №11 (146)

ТОП – 10




## Үздіктердің үздігі!

**Айтолқын ҚАПАН,**
**ГӘФ Журналистика мамандығының**
**3 курс студенті**

Жуырда оқу ордамызда топ жарып, белсенділігімен, білімімен, дарынымен ерекше көзге түскен студенттердің есімдері белгілі болды. Университет шәкірттерінің «ТОП-10», яғни үздіктер тізіміне енген жастар - спортта белсенді, қоғамдық және ғылыми шығармашылық жұмыстарда қатарының алды бола білген студенттер:

**Жанболат Кенжеғұл**-Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 4-курс студенті; **Ботагөз Аманжол**-Аграрлық-биологиялық факультетінің 3-курс студенті; **Махаббат Тапаева**- Аграрлық-биологиялық факультетінің 4-курс студент; **Анель Базарбаева**- Инженерлік-технологиялар факультетінің 4-курс студенті; **Диас Дулат**-Заң факультетінің 3-курс студенті; **Алмас Жұмағал**-Заң факультетінің 3-курс студенті; **Мәдина Ескендірова**-Ақпараттық-технолгиялар факультетінің 4-курс студенті; **Олжас Рауыл**-Ақпараттық-технологиялар факультетінің 3-курс студенті; **Марьям Волынец**-Экономикалық факультетінің 3-курс студенті; **Алтын Әлиева**-Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің 4-курс студенті.

Үздіктердің бірі Марьям Волынец 1996 жылы Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласында дүниеге келген. Ол Н.Островский атындағы орта мектепті жақсы аяқтап, 2014 жылы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Қазір экономика факультетінің 3 курс студенті. Марьям оқу орны белсенділерінің қатарында және спортшы. Өз факультетінде спорт бөлімінің басшысы. Аудандық және обылыстық жарыстарда жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Әділ төреші ретінде де өзін талай көрсетті. Сонымен қатар баскетболдан және үстел тенисінен, қыздар арасындағы футболдан университетіміздің құрама командаларының қатарында бақ сынап жүр. Жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, шорттрек, жазғы және қысқы көпсайысты ойындар, шашка, шахмат, тоғыз құмалық атты спорт түрлерінен де хабары бар.

«Жігітке жеті өнер де аз» дейміз. Қыз баланың осының бәрін бірдей алып жүргені мені таңдандырады және сүйсіндіреді. Марьям университеттегі оқуы мен спорттық сайыстардан қалған уақытын гитарада ойнаумен, өлең жазумен, сурет салумен өткіземін дейді. Әсіресе, портрет жанры жанына жақын екен. Сондай-ақ дарынды қыз жақында жеке көрмесін өткізетінін айтты. Менің кейіпкерімнің қолынан келмейтіні жоқ сияқты. Марьямның бишілік қабілеті де бар болып шықты.

Ол хип-хоп, вог, вакинг, брейк-данс сияқты би түрлерін ұнатады. Тойларда, әр түрлі іс-шараларда өнер көрсетеді және би жарыстарының көзайымы атанып жүр. Дара қыздың жетістіктері мұнымен аяқталмайды. Мәселен ол «Поможем вместе, Костанай» атты жобаның жетекшісі, әрі негізін қалаушы.

Жоба мұқтаж жандарға көмек қолын созады. Тіпті жарымжан жандар мен жетімдер үйінің тұрғындарына жаңа жылдық кештер ұйымдастырып, жүздеріне күлкі сыйлаған. Айта берсек жоба арқау болған игі істер жетерлік, ауқымды дегендеріне газетіміздің келесі сандарында тоқталатын боламыз. Өйткені Марьям іргетасын қалаған қайырымдылық жобасы жайында, жалынды жас қыздың жасаған игі істері мен өнері жайында бір мақаламен шектелу мүмкін емес. Ал Марьямға сәттілік тілеймін! Мақтаймыз, мадақтаймыз, үлгі аламыз!

### Иннова-2017

В КГУ имени А.Байтурсынова прошла ежегодная научно-методическая онлайн- конференция «Иннова-2017» с участием Хакасского госуниверситета имени Н.Ф. Катанова. Материал о работе конференции **на 2-й стр.**

### «Черные орлы» КГУ



Появление новой танцевальной группы «Black eagles» не прошло незамеченным. Интервью с руководителем группы - студентом 3-го курса ФИТ Орынбасаром Сакеновым читайте **на 4-й стр.**

### Соңғы үлгідегі робот



Ақпараттық технологиялар факультеті студенттерінің білімін жетілдіру мақсатында Ресейден робот әкелінді. Бұл – соңғы үлгідегі мехатронды компьютер. Промобот деп аталатын робот арнайы енгізілген бағдармаға сай қызмет атқарады. Жаңа пайдасы жайында **толығырақ 5-бетте.**

### Студентка, комсомолка и просто красавица!



В каждой группе нашего вуза есть ребята и девчонки, которые особенно талантливы и способны. А у нас на третьем курсе учится просто настоящая комсомолка, умница и просто красавица. Знакомьтесь: Динара Абдирова – студентка специальности «журналистика» ГСФ. Материал о ней читайте **на 6-й стр.**

### Мәуліт мерекесі



Мәуліт мерекесіне орай «Мирас» мәдениет сарайында «Адамзаттың абзалы» атты рухани кеш өтті. Жастарды имандылық пен отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке насихаттаған іс-шараға дінге берік қариялар, буыны бекімеген бүлдіршіндер, аймақ басшылары, дін қызметкерлері қатысты. **Толығырақ 7-бетте.**

# Наука о жизни

**Галия РУЧКИНА, доцент**
**Людмда БРАГИНЕЦ, ст.преподаватель**



Кем быть? Очень серьезный вопрос, задают себе многие выпускники школ. Учителем? Врачом? Юристом? Куда пойти учиться? Вопросы, которые беспокоят и выпускника и его родителей.

Одна из специальностей, предлагаемых нашим университетом «Биология». Курирует данную специальность кафедра биологии и химии, которая в 2016 году отметила свое 10-летие.

Энтомологический музей является гордостью ун.,иверситета. Это настоящий научный и учебно-методический центр по изучению энтомофауны Костанайской области. Посещают музей и школьники, и студенты с экскурсионной и исследовательской целью. Все экспонаты музея собраны и систематизированы силами преподавателей и студентов специальности «Биология». В фондах музея хранится около 25 тысяч различных насекомых. С 2012 года энтомологический музей входит в ассоциацию музеев Евразийских университетов.

В Инновационном центре КГУ функционирует бактериологическая, молекулярно-биологическая лаборатории, лаборатория физико- химического анализа, иммунологических исследований, альгологии и гидробиологии. На самом современном оборудовании наши студенты и магистранты учатся проводить отбор биологического материала для анализа молекулярно-генетического полиморфизма ДНК, учатся обрабатывать биологический материал и выделять ДНК, проводить компьютерный анализ и статистическую обработку полученных результатов.

На создание и поддержку благоприятных условий для инновации и творчества студентов специальности «Биология» направлена работа студенческого научного кружка «BIOVITA».

Учебную и производственную практику наши студенты имеют возможность проходить в условиях Наурзумского государственного природного заповедника, а также национального природного парка «Бурабай», проводя флористическое исследование территории. В качестве основных объектов исследований избираются редкие виды растений, распространенные в уникальном горнолесном массиве «Боровское». .

На сегодняшний день кафедра биологии и химии, выпускающая бакалавров специальности «Биология» сотрудничает с предприятиями и организациями: Костанайский филиал ТОО «Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений»; Инновационный центр КГУ; Костанайская зональная лесосеменная станция; ТОО «Ландшафтный дизайн»; Управление природных ресурсов и природопользования акимата Костанайской области и др.

Одной из тенденций развития современного высшего образования является международная интеграция. Хорошие дружественные связи установились между преподавателями и студентами нашего университета с преподавателями и студентами ФГБОУ ВО «Уральский государственный лесотехнический университет» г. Екатеринбург.

Сейчас во всём мире в системе профессионального образования вводится дуальное обучение. Подготовка студентов специальности «Биология» также проводится в формате практикоориентированного обучения. В учебный процесс введены практические занятия на производстве, с этой целью организованы филиалы кафедры на базе предприятий и организаций, проводятся консультации, круглые столы, мастер-классы с потенциальными работодателями, а учебные планы и программы согласуются с опытными и успешными представителями данного профессионального направления.

Бакалавры, окончившие КГУ имени А. Байтурсынова по специальности «Биология», могут работать в качестве сотрудников научно-исследовательских институтов, учебных, диагностических и исследовательских центров, лабораторий, а также заниматься преподавательской деятельностью в средних и высших учебных заведениях.

В зависимости от конкретного профиля подготовки и специализации возможны занятия исследованиями и проведение наблюдений за различными биологическими системами. Кроме того, специалисты классифицируют происходящие процессы, занимаются проведением научных экспериментов, начиная от разработки непосредственного плана исследования и заканчивая подведением итогов. Участвуют в профессиональных конференциях и симпозиумах.

Дальнейшее обучение по специальности «Биология» предполагает освоение таких ступеней образования, как магистратура и докторантура.

# О СИСТЕМЕ ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Сауле ДЕМЕЖАНОВА, ст.преподаватель кафедры гражданского права и процесса юридического факультета**

Дуальная система образования получила мировое признание, как наиболее распространенная и признанная форма подготовки кадров, которая комбинирует теоретическое обучение с производственным обучением в учебном заведении.

Хотелось бы рассказать о небольшом опыте преподавателей кафедры гражданского права и процесса во внедрении элементов дуальной системы обучения, а именно о проведении практико-ориентированных занятий на примере дисциплины «Гражданское право РК (особенная часть)» и о дальнейших перспективах внедрения элементов дуальной модели обучения с активным участием специалистов-практиков.

Учебный процесс организуется следующим образом: па¬раллельно с обычными занятиями преподавателем запланирован один день в неделю для прохождения практической подготовки обучающихся в городском суде, где студенты приобретают навыки и опыт непосредственно на практике.

В течение дня студенты в суде, изучают нормативные правовые акты, помогают секретарям судебного заседания в оформлении документации, составляют описи документов, ознакомливаются с сопроводительными письмами к отказным материалам, посещают открытые судебные заседания, посещают круглые столы и многое другое.

Нужно отметить, что за каждым студентом закреплен наставник – судья и секретарь судебного заседания, в свою очередь судьи приглашают посетить открытое гражданское судебное заседание, периодически проводят со студентами тематические беседы, наставники также объясняют студентам требования, предъявляемые к будущим специалистам и перспективы трудоустройства после обучения.

Такая форма занятий позво¬ляет гибко совмещать прохождение теоретического обучения и профессиональной подготовки студентов непосредственно на рабочих местах (в суде, прокуратуре, юстиции, адвокатской конторе), которые в свою очередь могут прочувствовать всю ответственность своей будущей профессии, взглянуть на нее «изнутри», оценить положительные и отрицательные моменты будущей профессии, и определиться с выбором специализации. Так как практико-ориентированные занятия начинаются на 2 курсе, еще до выбора студентом специализации, то дальнейшем обучающийся уже лучше ориентируется в профессии и может самостоятельно выбрать специализацию.

Однако моя непосредственная задача - подготовить студентов к освоению сложной профилирующей дисциплины, которая будет читаться студентам на третьем курсе, такая дисциплина как «Гражданское процессуальное право РК» и «Уголовное процессуальное право РК», по данным дисциплинам ежегодно проводятся государственные экзамены и ВОУД.

Обязательно нужно сказать, что помимо занятий на производстве, мы систематически приглашаем практиков к себе на факультет, как на лекционные, так и на практические занятия, обычно такие занятия проходят один или два раза в месяц.

Особое внимание практики затрагивают наиболее актуальные и проблемные темы дисциплины, уделяют внимание проблемным аспектам гражданского и гражданско-процессуального законодательства, например, судьи раскрывают некоторые вопросы применения сделок на практике, коллизионные вопросы и много чего интересного, в свою очередь студенты активно задают вопросы, обмениваются мнением. Отрадно, что судьи приглашают заранее не только студентов, но и преподавателей посетить интересный судебный процесс.

Особо отличившиеся студенты, которых после таких занятий, приглашали на производственную и преддипломную практику, премировали грамотами от производства, за подписью и печатью организации.

В свою очередь хочется отметить, одного из активных практиков, судью городского суда Адам Мурат Адамовича, который систематически ведет занятия на безвозмездной основе, посещает круглые столы, деловые игры, принимает активное участие во всех мероприятиях юридического факультета. Также хочется отметить и других судей, таких как: Нуров С.М., Канкулова Б. Е., судью Костанайского Межрайонного Экономического суда Нурбаеву А.Е. и др.

Проанализировав небольшой опыт внедрения элементов дуальной системы, можно с уверенностью сказать, что есть необходимость развиваться дальше, думаю, что в последующей работе надлежит предусмотреть все нюансы, поэтому нужно выработать рекомендации к организации практико-ориентированным занятиям, с учетом своей специфики, так как имеются и свои минусы (загруженность практиков, нехватка времени, нет стимула и т.д.).

Нужно непременно проводить разъяснительную работу с работодателями, так как они в первую очередь должны быть заинтересованы в будущих профессиональных кадрах, в возможности повышения эффективности подготовки специалистов высшей квалификации; потому как работодателям, в конечном счете, экономически целесообразно инвестировать в образование, поскольку «на выходе» они получают готового специалиста, досконально знакомого с особенностями работы именно в этой организации.

# ИННОВА – 2017

**Амангуль УСТЕМИРОВА**

В КГУ имени А.Байтурсынова прошла ежегодная научно-методическая онлайн-конференция «Иннова-2017» с участием Хакасского госуниверситета имени Н.Ф. Катанова. Сотрудничество двух вузов – казахстанского и российского – длится уже много лет. Подтверждением этому традиционная конференция, которая проходит каждый январь в нашем вузе.

На пленарном заседании были обозначены проблемные вопросы научно-методической деятельности вуза, которые были обсуждены на секциях. Работа первой секции «Психолого-педагогические аспекты современного высшего образования» была проведена в режиме онлайн. На связь вышел Хакасский государственный университет (Россия, г.Абакан), с которым обсудили вопросы повышения квалификации преподавателя вуза, перспективы развития дистанционного обучения и другие.

Вторая секция была проведена в форме мастер-класса на тему «Создание и использование цифровых образовательных ресурсов и интерактивных технологий в учебном процессе».

Участники отметили, что сегодня использование цифровых образовательных ресурсов – жизненная необходимость. В связи с этим говорилось о создании видеолекций и использовании различных программ в учебном процессе.

Работа следующей секции затрагивала вопросы полиязычия как одного из приоритетов в современном образовании. Выступающие говорили о состоянии и перспективах данной проблемы.

Докладчики единодушно отмечали, что знание нескольких языков в современном мире раскрывает границы для образования, поэтому необходима дальнейшая работа в этом направлении.

Четвертая секция прошла на тему «Дистанционное образование: опыт, проблемы и перспективы развития». Технология дистанционного обучения как средство информационно-коммуникативных технологий в образовательном процессе внедрена в нашем вузе несколько лет назад.

Каковы ее преимущества, есть ли смысл внедрять ее повсеместно – обо всем этом участники секции говорили в прооцессе обсуждения данного вопроса.

В ходе конференции прошел круглый стол на тему «Практико-ориентированный подход в становлении профессионала» с участием представителей производств-работодателей.

Участники круглого стола пришли к общему мнению: усовершенствовать формы организаций практикоориентированных занятий по специальностям КГУ, изменить качественное обновление содержания рабочих учебных планов специальностей с привлечением работодателей.

Руханият

# Мәуліт мерекесі

**Айсұлу Зимина, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Барша мұсылман қауымы үшін пайғамбарымыздың туған күні – ғибратты мерекелердің бірі. Бұл күнді облыс орталығында жыл сайын атап өту әдетке айналған. Мерекеге орай «Адамзаттың абзалы» атты рухани кеш өтті. Іс-шараға дінге берік қариялармен қатар, буыны бекімеген бүлдіршіндер, аймақ басшылары, дін қызметкерлері «Мирас» мәдениет сарайында бас қосты. Өткізілген іс-шараның басты мақсаты – Мұхаммед пайғамбардың ислам дініне берік іс-әрекеттерін насихаттау, жастарға имандылық қағидаттарын түсіндіру, оларды отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке, ең бастысы ата-анасын сыйлауға уағыздау.

Себебі ата-анасын құрметтей білген бала ғана Отаны үшін бәрін жасайды. Салтанатты кеш жастарды жанашырлықпен білімге баулыған, қазақ халқының рухани өміріне елеулі үлес қосқан тұлға, хақ исламды қадір тұтқан ұлағатты ұстаз Ыбырай Алтынсарин бабамызға арналған «Ұстаз арманы» атты күйшашумен басталды.

Алла елшісін дәріптеген Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қостанай облысындағы бас имамы Бахытбек Тәжімбет жамағатты атаулы күнмен құттықтап, мағыналы уақыздар айтты. Жаратушының елшісінің туған күні мерекесіне облыс әкімінің орынбасары Марат Қонысбайұлы ар-



найы келіп, барша мұсылман қауымына жылы лебізін білдірді. Мәуліт мерекесіне арналға бағдарлама Ақылбек Шаяхметтің «Өкініш» атты қойылыммен жалғасты. Спектакльде қазіргі заманның ащы шындығы, ата-анасын қарттар үйіне тапсыратын жастардың қатары күн санап артып келетіні көрсетілген. Дегенмен қойылымда істеген әрекетін кеш болса да түсінген баласының өкініші жастарға ой салар деген мақсатта осы мерекеде сахналанған. Мәуліт мерекесіне орай «Ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың еңбексүйгіштігі» тақырыбында көркем шығарма жазу сайысы ұйымдастырылыпты. Салтанатты жиында озық ойын орнықты жеткізе алған жастар марапатталды.

Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, бас муфти Ержан қажы Малғажыұлының алғыс хатымен Оразалы Жақсанов, Рафаель Фазылов, Мейрам Жүсіпов, облыстық мешітіміздің бас имамы Бахытбек Нұрғабылұлының алғыс хатымен Фазыл Теміржанов, Мырзағали Ғабдоллаұлы, Бахытгүл Жұматайқызы, Видади Юсупов, Абылай Алматов, Арыстан Ғаязов сияқты азаматтар марапатталды.

Мерекелік шара Айбек Қалиев пен Салтанат Өтелбаеваның айтысымен аяқталды.

# Бидің өзі – өмір…

**Жұлдыз ТОСОВА, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

«Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» - деп В.А.Сухомлинский айтқан болатын. Сол өнердің бірі – би өнері. Би адамның ішкі дүниесін байытып, жанын тазартатын құдіретті өнер. Көпшіліктің өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Қазір білім беретін мекемелердің біршамасында осы би өнерінің қыр-сырын үйрететін үйірмелер бар. Бірақ көптеген би үйірмелерінің жетекшілері әйел адамдар. Кейде жігіттер биден алшақ па деп қаласың. Бірақ бұл қате пікір. Бұлай дейтінім , биді жанына серік еткен жігіттер де бар. Соның бірі – Ғалым Бертағыұлымен сұхбаттасуды жөн көрдік. Ол тек би орындаушы ғана емес, би қоюшы хореограф. Ғалым ағай биылғы жаңа оқу жылынан бастап «Өнер» студиясының хореографы.

***-Ғалым ағай, сәлеметсіз бе? Көңіл- күйіңіз қалай?***

*- Сәлем. Көңіл-күйім керемет!*

***-Өзіңіз туралы айта кетсеңіз.***

*-Мен Қостанай облысы, Амангелді ауданында 1992 жылы дүниеге келдім. 5 сыныптан бастап Арқалықтағы А.Құнанбаев атындағы мектепте білім алдым. Балалық шағым сол жерде өтті.*

***- Биге қалай келдіңіз?***

*- Мектеп кезінен бастап Ерсін Жүсіп ағайдың жетекшілігіндегі би үйірмесіне қатысып жүрдім. Қазіргі қол жеткізген жетістіктерім сол кісінің арқасы.*



*Қарадомалақ ойын баласынан өнер адамын тәрбиелеп шығару кез-келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Өз басым спорт пен биді қатар алып жүрдім. Бірақ күндердің-күні екеуінің арасында таңдау тұратынын сезетінмін. Бойымдағы биге деген құлшыныс спортты жеңіп кетті. Оқушы күнімде көптеген байқаулардың жеңімпазы, лауреаты атандым. Мектеп бітіргеннен кейін Қостанай педагогикалық колледжінен би мамандығын оқуға шақырту алдым. Мен де еш ойланбастан келісіп, оқуға түстім. 2014 жылы орта кәсіптік дипломымды қолыма алып, облыстық филармонияға жұмысқа орналастым. Енді, міне, биылғы оқу жылынан бастап Ахаң атындағы қара шаңырақта жұмыс жасап жатырмын.*

***-Осы салаға келуіңізге ата-анаңыз қарсы болмады ма?***

*- Басында қарсы болды. Әрине, қай ата-ана болмасын өз баласының байсалды кәсіпті меңгергенін, үлкен қызметте жүргенін қалайды. Менің таңдауым оларға басында ұнамағаны рас. Тіпті, ойымнан айнытқылары да келген. Уақыт өте келе олар бидің менің өмірімнің айнымас бөлігіне айналғанын түсінді-ау деймін.*

***- Өзіңіз тәрбиелейтін шәкірттердің арасында ер балалар бар ма?***

*- Шәкірттерімнің арасында ұлдар бар, бірақ көп емес. Неге екенін қайдам, біздің қоғамда, әсіресе біздің елде ұлдар би билесе «қызтеке» деп аталып кетеді. Ол дұрыс емес қой. Әркімнің өз таңдау құқықтары барын естен шығармауымыз керек. Әйел заты қалай билесе , ерлер де солай билей алады.*

***- Жеке би тобын құру ойыңызда жоқ па?***

*- Шынымды айтсам, әзір ондай топ құру ойда жоқ. Алла сәтін салып жатса болашақта ол жағын да қарастырып көрермін.*

***- Сұхбатыңызға рахмет. Өнеріңіз өрге жүзсін!***

*- Рахмет!*

Менің таңдауым

# Лейтенант Ақерке Қалиева

***Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ, ГӘФ Журналистика мамандығының 4 курс студенті***

Ақерке Қалиева Қостанай облысы, Жітіқара қаласында дүниеге келген. Бастауыш сыныптарды туған қаласында оқып, бесінші сыныптан бастап Астана қаласының орта мектебінде білім алған. Бірақ жоғарғы білімді А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде алуды ұйғарған. Бүгінде ол ақпараттық технологиялар факультетінің информатика мамандығында білім алып жатыр.

Сонымен қатар ол университетімізде жаңадан ашылған әскери кафедраның шәкірті. Аталған әскери оқу нысанында барлығы он екі бойжеткен бар. Солардың бірі біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Ақерке. Бойжеткен әскери кафедра ашылады деген жаңалықты ести сала құжаттар әзірлей бастапты. «Мен әскери қызметші боламын деп ешқашан ойламадым, бірақ осындай мүмкіндік барда оны пайдаланбау, менімше, үлкен қателік болар еді»,- дейді ол. Шынымен де төрт жылдық студенттік шақта уақытты құр өткізбей, университеттен лейтенант атағын ала шыққаны жөн екен. Біздің кейіпкеріміз мұны дер кезінде түсініп, қимылдағанына әлі күнге қуанады. Енді оның болашақта өз мамандығы бойынша ғана емес, қатар психологиялық көмек ұйымдастыру мамандығы бойынша да қызмет атқаруына болады. *«Мұндай мүмкіндіктер кез-келген студенттің әскери кафедрада оқуына себеп болатын дүниелер»* - дейді бойжеткен.

Ақеркемен тілдескенімізде «Алғашқы жарты жылдық оқу аяқталды. Әсери кафедрада не білдің, не үйрендің деген сияқты сауал қоя аламыз ба, әлде бұған әлі ертерек пе?» - деген сұрағымызға:

-Ерте деп ойламаймын, өйткені жарты жыл ішінде де көп нәрсеге үйрендік.

Бұның ішінде: сапқа тұрып, сап жүргізу, макаров пистолеті мен калашников автоматын жинау және бөлшектеу, жалпы әскери қорғау комплектін жылдамдықпен кию, тәртіптік қағидалар бойынша көптеген ұғымдармен, жалпы әскери адам келбетімен таныстық.

Мен үшін бұның бәрі өте қызық, сондықтан әскери кафедра күнін шыдамсыздықпен күтемін, - деп ықыласпен жауап берді.

**Оқытушылар құрамы жайлы не айтасың?**

*-Менің ойымша оқытушыларымыз өздеріне жүктелген талапқа сай, өмірде көпті көрген, тәжірибелері мол мамандар. Мұғалімдеріміздің барлығы зейнеттегі әскер қызметкерлері. Олардың педагогика саласындағы алғашқы қадамы бізді оқытудан бастау алып отыр. Бірақ тәжірибелі маманның аты бөлек, сабақты жақсы өткізеді. Білгендерін аянып қалар емес. Кафедра биыл бірінші жыл жұмыс жасап жатқандықтан материалдық база әлі қажетті деңгейде емес. Бірақ кафедра меңгерушісі мен университет басшылығының тырысуымен бұл мәселе жақын арада шешімін табатынына сенімдімін. Бүгіннің өзінде бірнеше кабинеттерге интерактивтік тақта орнатылды. Басқа әскери кафедралардан кітаптар мен оқу құралдары әкелінеді,* - дейді әскери кафедраның студенті.

**- Әскери кафедра, негізгі оқуың бар, бәріне үлгіресің бе?**

*-Үлгіремін. Керісінше кафедра тәртіпке, бастаған істі аяқтауға, уақытты тиімді пайдалануға үйретеді,-* деп қысқа қайырды.

**-Әскери кафедрада ақылы бөлімде оқиды екенсің. Қиындық туғызбады ма?**



*-Өкінішке қарай, қыздарға грант қарастырылмаған. Сонымен бірге жазғы, қысқы форманы, аяқ киімді өз қаражатымызға аламыз. Негізгі мамандығым да ақылы, бірақ жыл басында озат студент ретінде 50% жеңілдікке ие болғандықтан біршама жеңілірек.*

Ақеркенің әскери кафедраға түсуін ең бірінші атасы қалаған екен. Медициналық тексерістен өткенде немересі үшін қатты уайымдапты. Енді қария немересінен емтихан нәтижелері мен оқу барысы жайлы сұрап тұрады. «Жалпы, ата-анам әскери кафедраға түсуімді құптады және қуанды» - дейді ол.

Егемендi елдің ертеңі жан-жақты, сауатты да салауатты ұрпақтың қолында екені қаншама рет жазылып та, айтылып та жүр. Бірақ, мен мұны тағы да қайталағым келіп отыр. Ақеркенің де еліне елеулі, отбасына жанашыр жан болып қалыптасуына тілектестік білдіреміз.

# Огонь Универсиады!

Анастасия ЛЕОНОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»



26 января в Костанае торжественно был зажжен огонь XXVIII Всемирной Зимней олимпиады, которая проходит в эти дни в южной столице нашей страны г. Алматы. Начало торжественной церемонии было положено у здания КГУ имени Ахмета Байтурсынова. Право зажжения первого факела от Огня получил призер зимних Олимпийских игр 1976 года в австрийском Инсбруке, житель г. Рудного Иван Гаранин. Он передал зажженный огонь первому факелоносцу I этапа эстафеты - акиму Костанайской области Архимеду Мухамбетову. Глава региона перед началом эстафеты заявил:

- Наша страна участвует в универсиадах с 1993 года. В них участвовали более 700 молодых спортсменов, которые завоевали 125 медалей различного достоинства. Мы будем с гордостью болеть за спортсменов - костанайцев, которые отправились на игры Универсиады, чтобы победить».

В состав казахстанской сборной для участия во Всемирной зимней Универсиаде включены 4 спортсмена от Костанайской области: мастер спорта международного класса РК Анастасия Крестова (шорт-трек), мастер спорта международного класса РК Александр Кленко (конькобежный спорт), вратарь хоккейного клуба «Горняк», кандидат в мастера спорта РК Максим Грязнов, кандидат в мастера спорта РК Виталий




Пухкало (лыжные гонки). Кстати, Виталий является студентом 2 курса гуманитарно-социального факультета КГУ им. А. Байтурсынова. Преподаватели и одногруппники искренне желают ему удачи и верят в его победу.

Одной из участниц эстафеты оказалась чемпионка Азии по спортивным бальным танцам на колясках Малика Муктарова, она приняла факел от бронзового призера летней Олимпиады в Рио-де-Жанейро Ивана Дычко.

На мероприятие с флагами и символикой пожаловала молодежь города. Студенты поддерживали танцами и кричалками всех факелоносцев.

Всемирная Зимняя Универсиада 2017 – это одно из самых важных событий для нашей страны. Алматы примет около 2 тыс. спортсменов из более чем 55 стран. 12 видов соревнований пройдут на 8 спортивных площадках.

Пожелаем успеха казахстанским спортсменам!

# Зимняя школа

Гульнур КАБДЫБЕКОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»



В рамках программы академической мобильности в период зимних каникул 2017 года в Карагандинском Государственном университете Казпотребсоюза проходила Зимняя школа, в которой приняли участие студенты нашего университета и Павлодарского Государственного университета имени С. Торайгырова.

Карагандинский вуз посетили 33 студента, разных факультетов: гуманитарно- социального, экономического, юридического,



аграрно-биологического. Каждый факультет и студент индивидуально могли выбрать несколько дисциплин, которые они посетили во время школы. Наименования дисциплин были самые разные: имиджеология, банковское право РК, международный бизнес, ювенальное право РК, рынок ценных бумаг, современные технологии «зеленого» бизнеса. Занятия шли с 10 до 17.0 вечера. Преподавали - одни из лучших специалистов Карагандинского Экономического университета. По окончанию всего курса, ребятам выдали транскрип, где в дальнейшем изученные ими предметы им зачтут в своем вузе.

Программа зимней школы была насыщена не только учебными занятиями, но и культурными мероприятиями. За период «Зимней школы КЭУ» студенты посетили краеведческий музей г. Караганды, совершили поездку в г. Темиртау в музей первого президента и ботанический сад, всеми известный музей Карлаг в п.Долинка, стали неоднократными свидетелями яркой игры в хоккей команды «Сарыарка», поход в русский драматический театр, совершили множество поездок по достопримечательностям города, тем самым набрали багаж знаний о Карагандинской области.

По итогам всей «Зимней школы КЭУ» можно смело сделать вывод, что с каждым годом растет интерес среди студентов к программам академической мобильности, к возможностям освоения новых дисциплин.

# «Черные Орлы» КГУ

Анастасия ОРЛОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»



Появление новой танцевальной группы «Black eagles» под руководством студента 3-го курса ФИТ Орынбасара Сакенова не прошло незамеченным. На сегодняшний день ребята носят почетное звание творческого объединения и рады приветствовать всех желающих у себя в рядах.

**-Интересное название «Black eagles», в переводе с английского языка означает «Черные Орлы». Что значит это ? И расскажите, с чего же все началось?**

- Почему орлы? Да потому что, мы хотим летать как орлы - свободно и гордо. Ну, а черные, потому что это наш любимый цвет. А началось все, действительно, с малого. Я набирал студентов своего факультета для того, чтобы выступить на посвящении. Не ожидал, что мне попадутся настоящие алмазы. Ребята невероятно талантливы.

**- Не терпится узнать имя каждого алмаза.**

- Хорошо. Мы называем его «машина». Это наш неповторимый Максим Беспалов - студент 2-го курса ФИТ. Хочется отметить, что он востребован не только в КГУ, но и далеко за его пределами. Его приглашают и в другие танцевальные студии нашего города.

**- Не возникает ли у вас чувства ревности в его Максиму?**

- Возможно (смеется). Но я знаю, что « Black eagles» у него в сердце.

**-Кто еще входит в состав вашего коллектива?**

- Адиль Омаров, Бектимисов, Азамат Токмагамбетов, Сакау Тасболат, Дархан Кусулбаев, Акылбек Аралбаев, Андрей Ким. Хочется отметить, что все они представители разных факультетов нашего университета. А недавно у нас в группе появилась девушка. Вначале мы хотели презентовать себя мужским коллективом, но без женского внимания просто не смогли.

**- И никто покушать на репетиции не приносил! Как же зовут эту единственную счастливицу ?**

- Это точно! Ее зовут Алина Байбатырова. Она отлично справляется, очень хорошо танцует. Я заметил ее в одном из ночных заведений нашего города. Она не просто танцевала, она «качала». Я подошел к ней и начал танцевать вместе с ней. У нас начался настоящий баттл! В какой-то момент я даже растерялся, но все же смог дать отпор (смеется). В тот момент я понял, она должна стать частью нашей команды.

**- В каком направлении танцуете?**

- У нас очень много направлений: брейк, хип-хоп , поппинг и даже вог.

**- Хорошо. Так все -таки, в чем секрет создания творческого объединения?**

- Я думаю, секрет заключается в нашей любви к танцам и полной отдаче этому занятию. Мы были обычной командой, которая выступала на различных мероприятиях только на сцене университета. Затем нас начали приглашать в другие учебные заведения. Мы выступали и в КСТУ, и в КИНЭУ, и даже в школах. Администрация университета позволила расширить границы нашего творчества, и я решил создать что-то большое. И сейчас об объединении « Black eagles» знает весь университет.

**-Совсем не скромно!**

- Это, действительно, так. Я не буду скрывать, что ребят любят и знают. В состав нашей команды уже входят не только танцоры. Мы набрали ребят, обладающих прекрасным вокалом, реперов, видеоблогеров, дизайнеров, клипмейкеров, фотографов и т д. Мы решили захватить все современные направления культуры.

**- А правда ли, что вы друзья не только на сцене, но и в жизни?**

- Да, верно. Мы любим проводить свободное время вместе. Это сближает нас всех, и на сцене не становится легче работать, мы как будто чувствуем друг друга в танце, это очень важно.

**-Желаем удачи вам в вашем прекрасном деле ! И, самое главное, дружеской атмосферы в коллективе!**

- Спасибо. Приходите к нам в творческое объединение!

Мәртебе!

# Жетістікке толы жыл!

**Арайлым САРБАСОВА**




2016 жыл еліміз үшін жемісті жыл болды. Мемлекетіміз бен халқымыз үшін маңызы зор бірқатар мерейтойлар атап өтілді. Мәселен: Тәуелсіздіктің 25 жылдығы, Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы, Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы. Сонымен қатар Рио-де-Жанейро қаласындағы олимпиада Қазақстан құрамасы үшін сәтті болды деуге толық негіз бар. Қазақстаннан әлемдік бәсекеге 26 спорт түрінен 104 спортшы қатысып, бақ сынады. Қазақстандықтар барлығы 17 медаль (3 алтын, 5 күміс, 9 қола) алып, ел спорты тарихында жалпы жүлделер саны жөнінен рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Еліміздегі саяси, экономикалық, қоғамдық оң өзгерістердің нәтижесінде білім мен мәдениет саласында да ауыз толтырып айтарлық жетістіктер жетерлік.

2016-жыл ҚМУ үшін де жемісі мол жыл болды. Оқу ордамыздың студенттері мен оқытушылары дүниежүзілік, республикалық сайыстар мен олимпиадалардан жүлделі оралып жатты, шетелдерде біліктілігін жетілдірген ұстаздар мен шәкірттер қатары жыл санап артуда.

Биылғы жылдың тағы бір жетістігі деп екі бірдей оқытушымыздың «үздік» атануын айтуға болады. 2016 жылдың 26 желтоқсанында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру жөніндегі республикалық конкурстық комиссия отырысының шешіміне сәйкес А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушылары - биология және химия кафедрасының меңгерушісі, доцент Гүлнар Сұлтанғазина мен ветеринариялық медицина кафедрасының доценті Раушан Рыщанова "2016 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағына ие болды. Конкурсқа республикамыздың 84 жоғары оқу орындарынан 444 үміткер қатысты. Солардың ішінен 200 оқытушы аталмыш атаққа лайықты деп танылды. Сонымен қатар ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында мемлекет мүддесі жолында еңбек етіп жүрген азаматтарды марапаттау шаралары Қостанай облысында жалғасын тауып, өңіріміздің беткеұстар бірнеше азаматы еліміздің қалыптасуы мен дамуы жолындағы еңбегі мен қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің нығаюына үлес қосқаны үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен марапатталды. «Бірлік» медалі иегерлерінің қатарында ҚМУ-нің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Дмитрий Легкий бар.

Сондай-ақ Елбасының «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне» мерейтойлық медалімен аграрлық-биологиялық факультетінің деканы Ниязбек Калимов пен машина, тракторлар және автокөлік кафедрасының меңгерушісі Валентина Кушнир марапатталды. Бұл – тек марапат иелерінің ғана емес, оқу ордамыздың жетістігі!

Алдағы уақытта да алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз көп болсын!

Салауатты өмір салты

# Ұстаздар жарысты

**Айтолқын ҚАПАН, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

2017 жылдың қаңтар айының 9-ы мен 20-сы аралығында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқытушылар мен оқу орнының қызметкерлері арасында спорттық ойындардан жарыс өтті. Сайысты университеттің кәсіподақ ұйымы және спорт клубы бірлесе отырып, қызметкерлерді дене шынықтыру мәдениетіне, спортқа тарту мақсатында ұйымдастырған. Спорттың тоғыз түрі бойынша құрылған 7 факультеттің, сондай-ақ әкімшілік қызметкерлерінің командалары тартысты ойын көрсете алды. Атап айтсақ: баскетбол, волейбол, стритбол, шағын-футбол, шашка, дартс, үстел теннисі, пневматикалық винтовкадан ату және шаңғымен жарыс.







Командалар жеңіс үшін көп тер төкті. Оларға қойылған талап та аз болмады. Дегенмен жарыс нәтижесі көңілге қонымды. Сайыстың тартысты өтуінің себебі оқу ордамыздың оқытушылары мен басшыларының басым көпшілігі спортпен тұрақты түрде айналысады. Жетістіктерге жеткендері де аз емес.






Әріптестерімен сайыста да жақсы көрсеткіштермен көзге түскендері бар. Мәселен, баскетболдан ерлер арасында 1-орынды әкімшілік қызметкерлерінің (АУП) құрама командасы иеленсе, 2-орын инженерлік-техникалық факультетіне бұйырды, ал 3-орынды заң факультетінің командасы місе тұтты. Сонымен қатар командалық ойын барысында ерекше көзге түскен ойыншылар жеке марапатталды. «Команданың ең нәтижелі ойыншысы» номинациясы бойынша Салыков Б.Р – Инженерлік-технологиялық факультетінің ойыншысы, «Пайдалы ойыншы» номинациясы бойынша Ковальчук А.М – Қызметкерлерді әкімшілік басқару командасының ойыншысы мақтау қағаздарына ие болды. Ал әйелдер арасында баскетболдың шағын түрі, стритболдан өткен ойында 1-орын аграрлық-биологиялық факультеті командасы, 2-орын тіркеу бөлімі командасы, 3-орын қызметкерлерді әкімшілік басқару командасы қыздарының еншісінде.

Волейболдан ерлер арасында 1-орынды қызметкерлерді әкімшілік басқару командасы иеленсе, 2-3-орындарды аграрлық-биологиялық факультеті мен ақпараттық-технологиялар факультетінің құрама командалары өзара бөлісті. Аталмыш спорт түрінен нәзік жандылар да шебер ойын көрсете алды: 1-орын экономикалық факультеті, 2-орын ақпараттық-технологиялар факультеті, 3-орын тіркеу бөлімі.

Дойбыдан ерлер арасында 1-орынды гуманитарлық-әлеуметтік факультеті, философия кафедрасының доценті Юрий Бондаренко, 2-орынды ақпараттық-технологиялар факультетінің аға оқытушы Әлібек Бегалин, 3-орынды заң факультетінің аға оқытушысы Ғабит Құсайынов жеңіп алды.

Осы ойын түрінен әйелдер арасында 1-орын гуманитарлық-әлеуметттік факультетінің аға оқытушысы Роза Мұқашеваға, 2-орын ақпараттық-технологиялар факультетінің лаборанты Айнұр Қазоваға, 3-орын шетел тілі филологиясының оқытушысы Дарина Аймұханова мен экономикалық факультетінің аға оқытушысы Гүлнәр Нұрахметоваға бұйырыпты.

Дартстан ерлер арасында 1-орынды Азамат Жікеев, 2-орынды Әлібек Бегалин, 3-орынды Нұрбол Еріш иеленді. Дәл осы сайыста әйелдер арасында 1-орын Любовь Селунскаяның, 2-орын Айсұлу Балтабекованың, 3-орын Майрагүл Кеңбейісованың еншісінде.

Пневматикалық винтовкадан ату – спорттың мергендікті талап ететін түрі. Оқу ордамызда «құралайды көзге атаtын» қызметкерлер көп екен. Солардың ішінен оқ бойы озық шыққандар: Болат Токин, Нұрлан Медетов, Саят Есімханов, Елена Книга, Анара Исмаилова, Елена Васильчук.

Шағын футболдан командалық жарыста бас жүлдені қызметкерлерді әкімшілік басқару командасы, 2-орынды заң факультеті мен ақпараттық-технологиялар факультеті, 3-орынды аграрлық-биологиялық факультеті және экономикалық факультеті иеленді.

Адамның тән саулығы мен жан саулығының кепілі спорттың маңызы жайында сөз көп. Ал нақты нәтижесін осындай сайыстардан көре аламыз.

Жаңа мүмкіндік

# Соңғы үлгідегі робот

**Арай БАЙГУКИНА**

Мемлекттік индустриалды инновациялық даму бағдарламасының (ГПИИР) қаржыландыруымен ақпараттық технологиялар факультеті студенттерінің білімін жетілдіру мақсатында Ресейден робот әкелінді. Бұл – соңғы үлгідегі мехатронды компьютер. Промобот деп аталатын робот арнайы енгізілген бағдармаға сай қызмет атқарады. Көбіне мұндай мехатронды компьютерлерді сатып алушылардың көңілін аулау мақсатында жеке кәсіпкерлер қолданады. Сондай-ақ роботтар адам қызметін біраз жеңілдетеді. Мысалы ақпарат тарату, сұрақтарға жауап беру жетілдірілген компьютерге қиындық туғызбайды. Промобот керекті ақпарды алдын-ала енгізілген зияткерлік базадан алады немесе іздеу бағдарламасы арқылы интернет желісіндегі ақпаратты сұрыптап, сұраушысына ұсынады. Енді ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері де осындай мүмкіншіліктерді пайдаланатын болды. Факультет студенттері үшін робот оқудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.




Мәселен промобот оқытушының орнына дәріс оқи алады және ол үнемі интернет желісіне қосылулы болғандықтан студент белгілі-бір себептермен оқу орнына келе алмаса, үйінде отырып та роботтың көмегімен дәріс тыңдай алады.

Дәріс барысында мехатроникке түрлі сұрақтар қоюға болады. Робот өздігімен диалог құра алады. Әзілдей де біледі. Сонымен қатар танысқан адамдардың бет-бейнесін есте сақтайды. Келесі кездескенде танып, қал-жағдай сұрасады.

Техниканың жетілген заманында білім алып жатқан студенттер үшін осындай озық технологияның қызметін зерттеп, «тілін табу» жақсы мүмкіндіктерге бастайды.

# Студентка, комсомолка и просто красавица!

**Гаухар КАЛИЕВА, студентка 3 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В каждой группе нашего вуза есть ребята и девчонки, которые особенно талантливы и способны. Это выдающиеся спортсмены, студенты, которые представляют нас за границей по академической мобильности, изобретатели и т.д. А у нас на третьем курсе учится просто настоящая комсомолка, умница и красавица!

Кто не знает маленькую и находчивую Динару Абдирову?! Активная, всегда в делах. На первых курсах посещала дебаты, участвовала в работе медиа-студии, любимица преподавателей, которые часто выбирают ее на роль кандидата для написания научных работ. А недавно наша Динарочка заняла третье место в республике, благодаря разработке на основе курсовой работы, с чем мы рады ее поздравить.

Тема ее работы звучала так «Региональные СМИ в интернете» (руководитель к.ф.н. О. Кунгурова). В век информационных технологий каждое печатное издание имеет свой электронный аналог, свою страничку в социальных сетях. Задача ее научной работы заключалась в сравнении печатных изданий, анализе на примере газет «Наша газета», «Костанайские новости», "ТоболИнфо", чтобы проследить картину оперативной деятельности СМИ в глобальной сети. Данный научный труд был отмечен не только на республиканском конкурсе. Доклад Динары попал в сборник Санкт-Петербургского государственного университета, таким образом можно сказать, что ее работа имеет и международное значение. Новость о том, что научная работа оценена на таком высоком уровне и ее работа вошла в число призеров, Динару застала врасплох, хотя вместе с руководителем серьезно работали над материалом, и в душе Динара надеялась, что ее работу отметят как-то.

Разумеется, для Динары это большой опыт в написании научных текстов, тем более, если она думает о поступлении в магистратуру. Активистка хорошо разговаривает на языке международного общения и на государственном. Можно сказать, что просто готовый госслужащий. Сама она подмечает, что возможно это благодаря ее маме, которая является казахскоязычным филологом. Есть разговорный тип общения, а есть литературный, публицистический, который нарабатывается при общении, при чтении книг. Динара намерена и далее развивать свой уровень владения казахским языком, так как для журналиста она считает это просто необходимостью.

Лично я Динару считаю креативным человеком, всегда находит интересный подход к решению задачи, неравнодушна к жизни в группе. Общительна, у нее много друзей и знакомых среди студентов других факультетов, которые всегда о ней хорошо отзываются. Систематически посещает занятия, за баллы может не переживать. Наш эдвайзер С. Химич всегда ставит ее в пример.

Действительно, есть к чему стремиться и есть чему учиться у Динары. Так держать, Динара!

Свой Взгляд

# Хорошо там, где нас нет

**Динара АБДИРОВА, студентка 3 курса ГСФ специальность «журналистика»**

Три года назад, когда меня спрашивали: где ты хочешь жить или реализоваться? - я без сомнений называла одну из зарубежных стран. На вопрос почему: у меня были банальные ответы: типа там лучше, хорошие возможности, перспектива, и так далее. Но сейчас у меня другое мнение.

Возможно, и вправду говорят, что с возрастом приходит осмысление, и я действительно, стала на многие вещи смотреть по-другому. Я никогда не осуждала категорию "покинувших родину", которые по определенным причинам уезжают из страны, да и незачем, ведь у нас у каждого есть собственный выбор. Но не понимаю тех, кто диким патриотизмом критикует страну, в которой живет, трудится, при этом для ее улучшения не делает практически ничего. Но по их мнению, они критикуют, чтобы в дальнейшем был сдвиг в развитии страны. Довольно часто мы сталкиваемся с такой избитой темой, как моя страна-дно. Диванные аналитики то и дело твердят о завышенных налогах, о бесперспективной работе, о коррупции, и нет конца этому черному списку. Но пробовал ли каждый из тех, кого не устраивает что-либо в стране изменить ситуацию в противоположное направление? Я согласна с тем, что против системы не пойдешь. Но ведь эту систему можно несколько изменить не в одиночку, а общими усилиями. Ведь каждого из 17 млн.граждан интересуют одинаковые проблемы, которые мы, увы, все никак не можем решить. Не скрываю тот факт, что возможно, наша модель регулирования, система управления, имея за плечами 25 лет, не идеально налажена, и не всегда действует по закону. С ситуациями как социальное несправедливость, коррупция мы столкнемся или даже уже побывали в такой "дыре". Вспомните, как вы решали? Кто-то думая о себе прибегал к незаконному решению, кто-то дипломатично, а кто-то со скандалом. Но заметьте, вы решили, уладили этот вопрос. Но разрушивая ситуацию в свою пользу, не важно связями, взяткой или еще каким-нибудь способом, вы где-то в какой-то оживленной беседе, не пройдете мимо вопроса ,касательно структуры власти.

И поверьте, не каждый выскажет хорошее о ней, бросая в адрес той же коррупции явно нелестные слова. Кстати, типичная ситуация, которая никогда не потеряет свою актуальность.

Помните, нас всегда в детстве родители учили искать проблемы в себе, не винить Машу из садика, Артема одноклассника. И сейчас во взрослом мире ничего не изменилось. Это правило, которое неизменно во все времена. Проживая, трудясь в любой точке мира мы будем сталкиваться с произволом. И главная наша ошибка состоит в том, что устранив проблему для себя, мы не решаем ее, а лишь "затыкаем дыру", пытаемся уйти от нее подальше и больше не возвращаться. А ведь многое решается общими усилиями. .

Когда-то 35-й президент Америки Джон Кенеди сказал: «Не спрашивай, что страна сделала для тебя, спроси, что ты сделал для страны». Мы с вами и есть государство. Мы выбираем тех, кто исполняет закон, мы выбираем и сам закон. Все мнят себя "псевдопатриотами" своей страны, но истинными патриотами станут лишь при той власти, которая на их взгляд будет устраивать именно их. Но заметьте, ни одна еще власть не устраивала нас. Итог: если хочешь изменить мир, начни изменять мир в себе.

# Город на Неве

**Дарья ТИМИНА, студентка 4 курса ГСФ специальность «журналистика»**



Множество сравнений приходит на ум, когда говорят о Санкт-Петербурге. Его называют и «окном в Европу», и «северной столицей» и т.д. Но для это город мостов, восхитительной архитектуры и самых вежливых людей во всем мире. И хотя я побывала там на летних каникулах, город и сейчас снится мне по ночам, поэтому делюсь своими впечатлениями. И советую всем, при малейшей возможности посетить этот город, ведь он прекрасен в любое время года.

.

**Баландино - Пулково**

Провести свои каникулы в Санкт-Петербурге, пришло на ум спонтанно



– буквально за несколько месяцев, договорившись с подругой и купив билеты на самолет, я уже предвкушала и грезила прогулками по городу. Перелет с Челябинска до Петербурга занял чуть меньше 3х часов, и когда самолет начал производить посадку, мои сонные глаза еще не верили в ту красоту, которая меня ожидала. Пулково – самый красивый аэропорт, который я когда-либо видела.

Мультимедийные изображения архитектуры, множество туристов и огромный поток людей – вот первый набор впечатлений после прилета. Когда только добрались до дома, решили, что времени на все не хватит, а уж тем более на сон, и сразу же отправились покорять «город на Неве». Первый пункт – Эрмитаж.

**Эрмитаж**

Сотни картин, предметов царской семьи и залы, от которых захватывает дух. Эрмитаж - центр паломничества многих туристов. Кстати, билет покупали по студенческому билету (действует и в России), нам повезло, мы еще и попали на акцию: все студенты и школьники получают уникальную возможность посетить Эрмитаж в каникулы бесплатно.

Здание просто невероятных размеров, и обойти его за день не получится, поэтому как истинные туристы, посетили наиболее популярные комнаты - гостевые залы царей, египетские комнаты, галереи. Мы провели там около пяти часов, и конечно все осмотреть не успели. Но время беспощадно, отправляемся на Васильевскую стрелку.

**Васильевская стрелка**

Знаменитая стрелка, разделяющая Неву пополам. Красивый сквер, и колонны красного цвета, с корабельными носами. По легенде, когда корабль захватывали, ему отрубали «нос», это говорило о том, что корабль захвачен и его судьба зависит от распоряжений царя. Пока прогуливались по скверу, погода испортилась, и надо было возвращаться домой. Приключения продолжаются.

**Кунсткамера**

Питер можно смело назвать городом музеев. Следующий объект изучения – Кунсткамера – самый первый музей. Помимо собранных там младенцев с патологиями, есть еще музей Ломоносова, где хранятся его личные вещи и рукописи. Рядом с Кунсткамерой находится знаменитый Зоологический музей, который имеет коллекцию более сотни видов насекомых, животных, птиц и рыб. В холле встречал нас огромный скелет динозавра, масштабы которого ооочень впечатляют.

**Прогулка на катере**

Побывать в Петербурге



- и не прокатится по Неве – это значит многое потерять.

Несмотря на дождь и ветер, мы прокатились на теплоходе, и оценили всю красоту города с водных просторов. Особенно было здорово, проезжать под мостами, приходилось наклонять голову, чтобы лбом не задеть мост. Кстати, только с воды можно увидеть знаменитого Чижика-Пыжика.

**Финский Залив. Зеленогорск**

Очутиться за городом – еще одно приключение, которым я могу похвастаться. Зеленогорск – это милый курортный городок, всего в 6 км от Санкт-Петербурга. Именно здесь Финский залив предстает во всей своей красе. Почти что побывала на море. Но тепло тут бывает редко. Но, тем не менее, огромные камни, песок и далекая синяя гладь – шум залива все еще снится мне по ночам.

**Петергоф**

Туристические центры такие как Пушкино, Выборг и Петергоф не пугают своей отдаленностью от Петербурга. Туристы едут туда и наслаждаются красотой и роскошью домов, аллей.

Петергоф – городок фонтанов. Прекрасный сад, золотые скульптуры и фонтаны необычайной красоты. Парк растянулся вплоть до залива (кстати, с Петербурга на теплоходе можно доплыть и до Петергофа)... Незабываемое зрелище

Всех строк и предложений не хватит описать тех ощущений, которые получила в этом городе. Походить в Доме восковых фигур, доплыть на пароме до Кронштадта, побывать в Петропавловской крепости, пройтись почти по всем мостам города, сфотографироваться на память на Марсовом поле и в Летнем саду – и это еще не весь город.

Но даже этого хватило, чтобы культурная столица напрочно засела в моем сердце.

Мы еще встретимся с тобой, город на Неве.

# «Алмас қылышқа» бардың ба, тарихыңа қандың ба?

**Абылай МАУДАНОВ, «Хабар 24» арнасының Қостанай облысындағы меншікті тілшісі**

Белгілі себептермен аз ғана уақыт ішінде қолға алынып, фильм үшін қысқа мерзімде түсірілген «Алмас қылыш» экранға шықты. Көзқарақты көрерменнің бәрі кинозалға ұмтылуда. Фильмді тамашалап шығып, алған әсерін бөлісіп жатыр, ол да бір ғанибет. «Әр көлладa бір қиял» деген ғой, өз түйгенімді ортаға салғанды жөн көрдім.

Өз сөзім өзімдікі, кім не десе о десін, фильм маған ұнады! Әсіресе, актерлер сәтті таңдалған екен. Киген киімдері, мінген аттары қандай тамаша! Тағдыры тұйыққа тірелген, шабындыға түскен ел, ел үшін жанын шүберекке түйген ер, Шахтың алдауына түскен батырлар мен билеушінің миын арбаған әйелдер... Анталаған жау... Кітап экранда жаңғырып, көзіңмен емес, көкірегіңмен көріп отырғандайсың. Романдағы кейбір керексіз кейіпкерлер де азайған екен. Сосын бұған дейінгі кинолардағыдай бір елдің бетке ұстар батырларын қыз үшін қырқыстырып қоятын жалған эпизодтың жоқтығы да сүйсіндірді. Билеушілердің де ет пен сүйектен жаралған пенде екендері шынайы көрсетілген. Даланың апайтөс батырлары, ат құлағында ойнаған жауынгер қыздары, көшпелі елдің соғыс тәсілдері қандай?! Осы бір әсері үшін де киноға сын айтпаса болады. Әйтсе де, іште сыр бүгіп қалмайын...




Менің көкейіме қона қоймағаны Қасым мен Мұхаммед Шайбанидың бейнесі. Қасқа жолды салып берген Қасым хан парасатына сай тұлғасы зор, сабырлы, күшке салса да ешкімге есе бермейтін образ болуы керек сияқты. Ал, Мұхаммед Шайбаниды тым ұшқалақ, сабырсыз, қызба, тым таққұмар, жалақор етіп жеңілдету де дұрыс шешім емес деп ойлаймын. Олар менің түсінігімде бір-біріне сай қарсылас, мықты тұлғалар. Ал, Бұрындықтың маңайын айналсоқтап жүрген қыздың кім екенін түсіне қоймадым. Мүмкін сериалда ашылатын болар ол жағы.

Әрине, кітаптағы образдарға сай келмейтін кейіпкерлер де баршылық екен. Бірақ, одан киноның мазмұнына нұқсан келіп тұр деп айта алмас едім. Қанша дегенмен бұл көркем туынды! Әбілқайыр мен Керейдің сөзін бұрмалап айтсақ, «ондай-ондайы болмаса, несі тарихи кино!». Сондықтан да, «анау тұлға мына ғасырда өмір сүрген, мына батыр неге мынандай ат мінген» деген сияқты «фактілермен» «сынау» ешкімге пайда бермейді деп ойлаймын.

Ең бастысы, жанымызға жақын бейнелер жарыққа шыққан екен. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық шежіресінде ең көп тарихи тұлғалар сомдалған, дала заңы мен тұрмысы барынша шынайы суреттелген фильм де осы «Алмас қылыш» деп білем.

Туындының қалың көрермен қауымның ықыласына бөленеріне сенімдімін. Енді толық сериалының эфирге шығуын күтеміз.

# Күлкі – өмірдің кілті

**Жамал ШАУКЕН, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Күлдіре отырып, әрбір әзілі арқылы көрерменге астарлы ой салатын киноның комедия жанры. Әлем кинематографиясының тарихында алғашқы комедиялық элементтер Люмьерлердің «Политый поливальщиген» бастап, Чарли Чаплин, Бастер Китон, Григорий Александров сынды режиссерлердің фильмдерінде көрініс тауып, кино өнерінің алтын қорына енді. Қалыптасқанына 1 ғасырдай болған бұл жанрдағы кез-келген туындыны көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлайды.

Ал Қазақстанда комедия жанрының ең бір гүлденген кезі – өткен ғасырдың алпысыншы жылдары. Неге дейсіз ғой? Себебі, осы кезеңде дүниеге келген «Тақиялы періште», «Алдар көсе» сияқты Шәкен Аймановтың фильмдері талай көрерменнің жүрегіне жол тапқан. Аталмыш жанр өз даму жолында. Еліміз кино саласында бірталай жетістіктерге жетті. Жаңадан қазақ фильмдері, телехикаялары, мультфильмдері көгілдір экранда күнделікті көрсетіледі.

Өз басым «Отандық комедия» деген сөзді естісем болды, сол туындыны көргенше асық болам. Себебі, біздің фильмдер басқа елдің фильмдерінен ерекше. Бастысы, еш қысылмастан отбасымызбен көруге болады. Кейбір елдерде комедия десе, әр түрлі оғаш көрінетін қылықтар көрсетілуі керек деген ой қалыптасқан. Мұндай фильмдерді өзгемен түгілі өзің отырып көруге қымсынасың. Ал біздің комедиялар жастарға да, үлкендерге де жағымды әсер қалдырады, қазақы тәрбиеге сай.




Сәтті шыққан отандық өнімдер қатары көбейіп келеді. Солардың бірі – жуырда Қазақстанның барлық кинотеатрларында аншлагпен көрсетілген «Бизнес по-казахский» фильмі. Комедия көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл фильм – осы күнге дейін әншілігімен танылған жас режиссер Жеңісхан Момышевтің дебюті. Ал продюссері – атақты «Түнгі студияда» бағдарламасының жүргізушісі Нұрлан Қоянбаев. Әзілі жарасымды фильмде ауылдың өмірін, туған-туысқанның қадірін, бауырмалдылық сынды адами қасиетті еш бүкпесіз көрсеткен. Сондай-ақ туындыда өзге елдің адамдары бірін-бірі танымай жатса, біздің көпшіл халық қандай қиын жағдай болмасын туысына қол ұшын созуға даяр екендігі бейнеленген.

Комедияны түсіруге бір жарым ай уақыт жұмсалған екен. Түсірілім Алматы қаласы мен Алматы облысында өтіпті. Режиссер Жеңісхан Момышевтің айтуынша «бұл комедия – үйде ыстық бауырсақпен шай ішіп отырып, туысқандармен бірге көретін фильм». Басты кейіпкерлердің бірі – «Бауыржан-шоудан» танылған, актер Әбунасыр Серіковтің Қайырбегі – аздап әпенділеу, алаңғасар персонаж. Айтпақшы мұнда шетелдік актер де ойнайды. Ол – үндінің «Келін» телехикаясы арқылы әлемге танылған Сиддхартх Шукла.

Одан бөлек, Гүлназ Жоланова, Төреғали Төреәлі, Максим Акбаров, Құралай Анарбекова, Дариға Бадықова, Ольга Спирина, Қажет Смағұлов сияқты жарық жұлдыздар комедияның жақсы шығуына атсалысқан. Бір емес, алты басты кейіпкер бар бұл фильмді өз басым Қазақстанда түсірілген ең мықты комедия жанрындағы туынды деп айтар едім. Осындай сәтті туындылар қазақ киносының алға өрлеуіне септігін тигізері анық.

Тұңғыш қазақ

# Қаһарман қыз

**Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**

Кеңес дәуірінде қазақ халқынан шыққан сан мыңдаған батыр ұл-қыздардың ішінде есімі елге ерекше таныс батыр апаларымыздың бірі – Хиуаз Доспанова. 1922 жылдың мамыр айының 15-інде Атырау облысында дүниеге келген Хиуаз Ұлы Отан соғысында әскери ұшақпен аспан төрінде жасаған ерлігімен танылған, ал соғыстан кейінгі бейбіт өмірде қайраткерлігімен дараланған қазақтың қаһарман қызы. Оның жастық шағы мен өмірінің басым бөлігі мықты насихаттық идеологияны ұстанған Кеңес заманымен тұспа-тұс келді. Басқа-басқа, Кеңес өкіметінің кезінде Одақ үшін отқа да, суға да түсуге бар жанкешті ұрпақ тәрбиелей білгендігін кім де болса мойындайтыны хақ. Хиуаз да Отанын шын сүйген сол кездегі албырт жастардың бірі. Кеңес заманындағы авиацияның жетістіктері мен ұшқыштардың сан түрлі ерлік істері жөніндегі үгіт-насихат қазақ қызының да осы салаға деген ынтызарлығын оятқан. Осындай ой-қиялдың тұңғиығында жүрген қағілез де пысық қыз ақыры дегеніне жетіп, 1940 жылы мектепті үздік де-



ген бағамен бітірген. Ол тек мектепті ғана тәмәмдап қоймай, запастағы ұшқыш деген куәлігін қоса ала шығады. Енді өзінің ұшқыш болатындығына сенімі нығая түскен Хиуаз оқудан соң тура Мәскеуге жол тартып, Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына түспек болған оның алғашқы қадамы сәтсіз болады. Бұған налыған Хиуаз ба? Ол бірден Мәскеудің бірінші медициналық институтына түседі. Мұнда жүргенде де өр мінезді, қайсар қыз қатарының алды болады. Сабақты жақсы оқығанымен қоймай, ол гимнастикамен де айналысады. Студенттік өмірдің қызығына батып жүрген бақытты күндерді соғыс деген тажал бұзады. Бұл кезде Хиуаздың сессиясын аяқтап, жазғы демалысқа дайындалып жүрген кезі болатын. Ел басына күн туған шақта ол демалып жатқанды әбес көріп, құрбы-құрдастарымен бірге Мәскеу қорғанысын қамтамасыз ету жұмыстарына ат салысады.Олар алдымен «Метрострой» жүйесінде болып, кейіннен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қарамағына өтеді. 1941 жылдың қыркүйек айы. Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылының басталып жатқан кезі. Ал жастардың көпшілігі Отанды жаудан қорғау үшін майданға аттанып жатқан шақ.Бұл кезде Хиуаз да майданға медбике, тіпті болмаса, санитар болып кетсем бе деп, талпынып жүрген. Сөйтіп жүргенінде ол әйгілі Марина Раскованың қыз-келіншектерден авиаполк құрып жатқандығын естиді. Бұл Хиуаз сияқты нағыз өршіл жас үшін өзінің кім екендігін көрсетіп қалатын жақсы мүмкіндік еді. Бұны Хиуаздың өзі де жақсы түсінеді. Көктен сұрағаны жерден табылған қайсар қыз ойланбастан, бірден аталған полк басшысына келеді. Қазақ қызына полк басшылығы алғашында сенімсіздікпен қараса да жауынгерлер құрамына қабылдайды. Сөйтіп, жауынгер қыз Саратов қаласының әскери әуе училищесіне жіберіледі. Мұнда штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтаған жас қыз 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиа полкінің құрамында майданға аттанады. Батыр апамыздың ерлік еңбектері туралы қалдырылған жазба деректер бойынша Хиуаз қызмет еткен полк Оңтүстік майданда, яғни Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысқан. Ол кездегі авиациядағы штурманның атқаратын рөлі ерекше маңызды еді. Өйткені ол ұшақты алдын ала анықталған жау құрамаларының дәл төбесіне әкеліп бомбалайтын. Сондай-ақ олар ұшаққа жау тарапынан шабуыл жасалғанда әуе шайқасын да жүргізеді. Ал экипаж командирі алда-жалда мерт болса немесе жаралана қалса, штурман өзі отырған жерінен ұшақты да басқарып, әуедегі шайқасты да жалғастыра береді. Әуеде қарша бораған оқтың арасында жүріп осындай бірнеше міндетті бір адамның атқаруы екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Ал Хиуаз осы міндетті абыроймен, тіпті асқан шеберлікпен атқара білді. Ол 300-ден астам маңызды тапсырмаларға жіберіліп, барлығында да ерлік көрсеткен. Қыз-келіншектерден жасақталған және Хиуаз қызмет еткен авиа полк үкіметтің көптеген жоғары наградаларын алған. Алдымен оған «Гвардиялық» деген атақ беріліп, артынан «Тамань», «Қызыл Ту», «Суворов» ордендері беріледі. Ал Хиуаздың өзіне соғыстағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз», «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Кавказды азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткеніүшін» медальдарын иеленіп, әскери атағы аға лейтенант шеніне дейін өседі.

Соғыстан кейін Хиуаз өзі туған облыстағы обкомның нұсқаушысы болады. Кейіннен Алматыдағы Жоғары партия мектебіне жіберіледі. Сол уақыттан бастап, оның ел басқару ісіндегі қырына жол ашылады.Сөйтіп, ЛКСМ Орталық комитетінің бірінші хатшысы сияқты көптеген лауазымды қызметтерді атқарады. Ел басына күн туған шақта сұрапыл соғысқа араласып, бейбіт заманда еліне талмай еңбек еткен Хиуаз Доспанова 2008 жылдың мамыр айының 20-сы күні өмірден өтті.

# Құтты болсын!



Университет қабырғасында Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенованың бастамасымен ашылған «Өнер» студиясына биыл 15 жыл толды. Сіздерді мерейтойларыңызбен құттықтаймыз! Жыл сайын студия шәкірттерінің қатары талапты, дарынды, дара жастармен толыға берсін! Еңбектеріңіз жемісті болсын!

# ВНИМАНИЮ СТУДЕНТОВ!

О внедрении трехступенчатой системы отбора граждан на службу в правоохранительные органы

В соответствии с Планом нации 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства внедрена трехступенчатая система отбора граждан, впервые поступающих на службу в правоохранительные органы.

Первый этап – прохождение тестирования на знание государственного языка и законодательства Республики Казахстан, а также тестирования на оценку личных качеств в Агентстве Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции или его территориальных органах.

Для прохождения первого этапа кандидат должен подать заявление установленной формы через веб-портал «электронного правительства» или в Государственную корпорацию «Правительство для граждан».

Для поступления на службу в органы прокуратуры необходимо сдать тестирование по первой программе, которая предусматривает тесты на знание государственного языка и 9 нормативных правовых актов.

По итогам тестирования необходимо набрать не менее 95 правильных ответов от общего количества вопросов (135 вопросов) по всем нормативным правовым актам и не менее 5 правильных ответов по каждому из них.

При положительном результате кандидат допускается к тестированию на оценку личных качеств.

Второй этап. При положительном прохождении процедур отбора в Агентстве и получении Сертификата о прохождении тестирования, кандидат имеет право участия в отборе и конкурсе непосредственно в органах прокуратуры.

Данный этап предусматривает прохождение медицинского, психофизиологического и полиграфологического исследования в военно-врачебных комиссиях для определения пригодности к службе, а также обязательную специальную проверку органов национальной безопасности.

Третий этап – прохождение собеседования с конкурсной комиссией органов прокуратуры.

Более подробно порядок, сроки и процедуры приема на службу в систему органов прокуратуры определены в соответствующих правилах, тексты которых размещены на сайте www.prokuror.gov.kz.

Управление кадровой работы прокуратуры Костанайской области

Нурсеитова Алма Бакытжановна – главный специалист Аппарата прокуратуры области тел.: 54-39-71, 8-777-538-76-21

# Жас ғалымдар, алға!

«ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен оқушылар мен студенттер арасындағы «Жас ғалым» V Республикалық зерттеу жұмыстары сайысынан жүлделі орындармен оралған ақпараттық технологиялар факультетінің 2-курс студенттері Динара Әміртаевани (1 орын), Тоғжан Ғиноллланы (1 орын), Анна Колесникованы (3-орын) құттықтаймыз! Жас ғалымдарды дайындаған ғылыми жетекшілеріне, Берденова Гүлнар Жалғасқызына, Рыщанова Сәниә Мұхамедярқызына алғысымызды білдіреміз! Шығармашылық шабыт тілейміз!




# Академик атағын алған профессорларды құттықтаймыз!



Ветеринариялық медицина кафедрасының доценті МА **Рыщанова Раушан Миранбайқызын** (№ 1273 2 желтоқсан 2016 ж. Комитет төрағасы үкімімен тағайындалады)



Ветеринариялық медицина кафедрасының аға оқытушысы **Әубәкіров Марат Жақсылықұлын;**



Ветеринариялық медицина кафедрасының доценті **Байкенов Марат Тоқмейілұлын** (А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ №13 28.10.2016ж. ғылыми кеңестің шешімі бойынша);

# Наши поздравления



*Елена Васильевна!*

*Поздравляем с успешной защитой докторской диссертации декана экономического факультета Елену Васильевну Васильчук и научного руководителя д.э.н., профессора Исраилова Желаем крепкого здоровья, счастья, дальнейших успехов в работе, новых творческих свершений в образовательной и научной деятельности!*

**ППС экономического факультета**

*Нургуль Нурмухамедовна!*

*Кафедра технологии производства продуктов животноводства поздравляет преподавателя кафедры Нургуль Нурмухамедовна Бермагамбетову и ее научного руководителя профессора Доскали Курмашевича Найманова с успешной защитой докторской диссертации.*

*Желаем вам дальнейших успехов в работе, радости, счастья и благополучия.*



"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"
МЕНШІК ИЕСІ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел. 511167

Шығарушы редактор А.Әстемірова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері
Беттеген Айтолқын Қапан
Бас маман Арайлым Сарбасова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №230 Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген